## Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің VII Халықаралық ашық жастар Дельфийлік ойындарын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 13 шілдедегі № 126-ө Өкімі

1. 2012 жылғы 24 – 29 қыркүйек аралығында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің VII Халықаралық ашық жастар Дельфийлік ойындары ( бұдан әрі – Дельфийлік ойындары) өткізілсін.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Дельфийлік ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары ( бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары);

2) Дельфийлік ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Білім және ғылым, Мәдениет және ақпарат, Сыртқы істер, Қаржы, Көлік және коммуникация, Ішкі істер, Денсаулық сақтау, Төтенше жағдайлар, Индустрия және жаңа технологиялар министрліктері мен Астана қаласының әкімдігі Іс-шаралар жоспары тармақтарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2012 жылғы республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен Дельфийлік ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2012 жылғы 13 шілдедегі
№ 126-ө өкімімен
бекітілген

## Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің VII Халықаралық ашық жастар Дельфийлік ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с № | Іс-шаралардың атауы | Орындалу мерзімі | Орындауға жауаптылар | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Дельфийлік ойындарын ұйымдастыру және өткізу | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Дельфийлік ойындардың ережесін дайындау | 2012 жылғы шілде | БҒМ, Ұлттық Дельфийлік комитет (келісім бойынша) | Дельфийлік ойындардың ережесі |
| 2 | Дельфийлік ойындарға халықаралық қонақтарды шақыру | 2012 жылғы шілде | БҒМ, СІМ, Ұлттық Дельфийлік комитет ( келісім бойынша) | Шақыру хаттарды жолдау |
| 3 | Дельфийлік ойындардың әділ қазылар алқасының құрамын жасау және бекіту | 2012 жылғы тамыз | БҒМ, МАМ, Ұлттық Дельфийлік комитет ( келісім бойынша) | Әділ қазылар құрамын бекіту |
| 4 | Дельфийлік ойындардың конкурстық және фестивальдық бағдарламаларын дайындау | 2012 жылғы тамыз | БҒМ, Ұлттық Дельфийлік комитет (келісім бойынша) | Ойындардың бағдарламасы және номинациялары |
| 5 | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Дельфийлік ойындардың шетелдік қатысушылары мен қонақтарын визалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету | 2012 жылғы тамыз-қыркүйек | СІМ, БҒМ, Ұлттық Дельфийлік комитет ( келісім бойынша) | Шет елдік қатысушыларға визалар |
| 6 | Қазақстанның мәдени-туристік объектілері жөніндегі тарату материалдарын дайындау | 2012 жылғы тамыз-қыркүйек | ИЖТМ, МАМ | Таратылатын материалдар |
| 7 | Дельфийлік ойындардың ашылу және жабылу салтанатын өткізу бағдарламасы мен сценарийін әзірлеу | 2012 жылғы тамыз-қыркүйек | БҒМ, МАМ, Ұлттық Дельфийлік комитет ( келісім бойынша) | Дельфийлік ойындардың сценарийлері |
| 8 | Дельфийлік ойындардың ашылу, жабылу салтанаттарын және номинациялар бойынша конкурстар өткізу үшін объектілермен қамтамасыз ету | 2012 жылғы қыркүйек | Астана қаласының әкімдігі, МАМ | Дельфийлік ойындар өткізу объектілері |
| 9 | Дельфийлік ойындарының қатысушыларымен кездесу және оларды алып жүру кезінде тиісті ықпал етумен қамтамасыз ету | 2012 жылғы қыркүйек | БҒМ, Қаржымині, Ұлттық Дельфийлік комитет ( келісім бойынша) | Іс-қимыл жоспары |
| 10 | Жоғары оқу орындары студенттерінің қатарынан еріктілердің қатысуын қамтамасыз ету (кейбір елдерге шет тілін білуімен) | 2012 жылғы қыркүйек | БҒМ, Ұлттық Дельфийлік комитет (келісім бойынша) | Еріктілер тізімі |
| 11 | Қазақстан Республикасы Президентінің атынан құттықтау хатының жобасын дайындау | 2012 жылғы қыркүйек | БҒМ, Ұлттық Дельфийлік комитет (келісім бойынша) | Құттықтау хатының жобасы |
| 12 | Ұйымдастыру техникасын қоса алғанда, ойындарды өткізуге арналған үй-жайларды безендіру және техникалық жарықтандыру ( құралдарды монтаждау) | 2012 жылғы қыркүйек | Астана қаласының әкімдігі, МАМ, БҒМ, Ұлттық Дельфийлік комитет (келісім бойынша) | Қызмет көрсету туралы шарт |
| 13 | Дельфийлік ойындардың ресми делегацияларын (күтіп алу, | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | шығарып салу, алып жүру) жастар ұйымдары мен еріктілерге бекіту | 2012 жылғы қыркүйек | БҒМ, Ұлттық Дельфийлік комитет (келісім бойынша) | Күтіп алу, шығарып салу кестелері |
| 14 | Дельфийлік ойындардың қатысушылары мен қонақтарына көліктік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету | 2012 жылғы қыркүйек | ККМ, Астана қаласының әкімдігі, БҒМ, Ұлттық Дельфийлік комитет ( келісім бойынша) | Көліктік қызмет көрсету кестелері |
| 15 | Дельфийлік ойындарды өткізу кезеңінде қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қолдау | 2012 жылғы қыркүйек | ІІМ | Іс-қимыл жоспары |
| 16 | Дельфийлік ойындарды өткізуге жұмылдырылған объектілердің өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жоспарды әзірлеу | 2012 жылғы қыркүйек | ТЖМ | Іс-қимыл жоспары |
| 17 | Дельфийлік ойындардың қатысушылар орналасқан жерлерде, сессияның мәжіліс залында оларға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру | 2012 жылғы қыркүйек | ДСМ, Астана қаласының әкімдігі | Іс-қимыл жоспары |
| 18 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Дельфийлік ойындарының VIP-қонақтарымен/ қатысушыларымен екіжақты кездесулерін ұйымдастыру ( тараптармен келісу) | 202 жылғы қыркүйек | БҒМ, Ұлттық Дельфийлік комитет (келісім бойынша) | Екіжақты кездесулердің кестесі |
| 19 | Дельфийлік ойындарды өтетін күндерде VIP қонақтарға фуршеттер мен ресми кешкі астар ұйымдастыру | 2012 жылғы қыркүйек | БҒМ, Ұлттық Дельфийлік комитет (келісім бойынша) | Қызмет көрсетушілермен шарт жасасу |
| 20 | Дельфийлік ойындардың қатысушыларына экскурсиялық бағдарламалар ұйымдастыру | 2012 жылғы қыркүйек | Астана қаласының әкімдігі, БҒМ, МАМ, ИЖТМ, Ұлттық Дельфийлік комитет ( келісім бойынша) | Экскурсиялардың кестесі |
| 21 | Халықаралық Дельфийлік комитеттің отырысын ұйымдастыру және өткізу | 2012 жылғы қыркүйек | БҒМ, Ұлттық Дельфийлік комитет (келісім бойынша) | Халықаралық Дельфийлік комитеттің отырысы |
| 22 | Дельфийлік ойындардың өткізу қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат енгізу | 2012 жылғы қазан | БҒМ, МАМ, СІМ, ІІМ, ТЖМ, ДСМ, Қаржымині, ККМ, ИЖТМ, Астана қаласының әкімдігі | Ақпарат |
| Дельфийлік ойындарын ақпараттық қамтамасыз ету | | | | |
| 23 | Дельфийлік ойындарды ақпараттық жариялау жөніндегі медиа-жоспарды әзірлеу және бекіту | 2012 жылғы шілде | БҒМ, МАМ, Ұлттық Дельфийлік комитет ( келісім бойынша) | Медиа-жоспар |
| | Қазақстандық және шет елдік БАҚ-тарда Астана қаласында өтетін | | БҒМ, МАМ, Астана қаласының әкімдігі, | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 24 | Дельфийлік ойындар туралы PR-іс-шаралар өткізу ( бейнероликтерді, жарнамалық өнімдерді орналастыру және т.б.) | 2012 жылғы шілде-қыркүйек | Ұлттық Дельфийлік комитет (келісім бойынша) | Медиа-жоспарды іске асыру |
| 25 | Шетелдік және қазақстандық журналистерді шақыру және аккредиттеуді ұйымдастыру | 2012 жылғы тамыз-қыркүйек | БҒМ, МАМ, СІМ, Ұлттық Дельфийлік комитет ( келісім бойынша) | Аккредиттелген журналистердің тізімі |
| 26 | Дельфийлік ойындарды өткізу орындарын безендіру (аэропорт, қатысушылар мен қонақтардың жүру бағыттары) | 2012 жылғы қыркүйек | БҒМ, Астана қаласының әкімдігі | Қаланы безендіру эскизі, лозунгтар, билбордтар және пилондар |
| 27 | Дельфийлік ойындар іс-шараларының фото-бейне түсрілімдерін ұйымдастыру | 2012 жылғы қыркүйек | БҒМ, МАМ, Ұлттық Дельфийлік комитет ( келісім бойынша) | Фото және бейне материалдар |
| 28 | Ойындарға қатысушы барлық елдер және Халықаралық дельфийлік комитеті өкілдерінің қатысуымен баспасөз-конференциясын өткізу | 2012 жылғы қыркүйек | МАМ, Астана қаласының әкімдігі, БҒМ, Ұлттық Дельфийлік комитет ( келісім бойынша) | Дельфийлік ойындардың ұсыныстары мен қорытындылары |
| 29 | Дельфийлік ойындарды өткізу туралы ақпаратты БАҚ-та жариялауды ұйымдастыру | 2012 жылғы шілде-қыркүйек | БҒМ, МАМ, Астана қаласының әкімдігі, Ұлттық Дельфийлік комитет (келісім бойынша) | Республикалық және жергілікті БАҚ-тарда жариялау |
| 30 | Конкурс күндерінің фото және видеотүсірілімдері, ойындардың күнделігін жариялау | 2012 жылғы қыркүйек | БҒМ, МАМ, Ұлттық Дельфийлік комитет ( келісім бойынша) | Ойындардың фото және бейне хроникасы |
| 31 | Дельфийлік ойындарды өткізу кезінде баспасөз орталығының жұмысын ұйымдастыру (сұхбаттар ұйымдастыру, PR-іс-шаралар ұйымдастыру және т.б.) | 2012 жылғы қыркүйек | БҒМ, МАМ, Астана қаласының әкімдігі, Ұлттық Дельфийлік комитет (келісім бойынша) | БАҚ-та ақпарат |

**Аббревиатуралардың толық жазылуы:**

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
СІМ – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
МАМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ТЖМ – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдар

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

2012 жылғы 13 шілдедегі № 126-ө әкімімен бекітілген

# Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің VII халықаралық ашық жастар Дельфийлік ойындардын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

| | | |
|---|---|---|
| Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы | - | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, төраға |
| Сарыбеков Махметғали Нұрғалиұлы | - | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі, төрағаның орынбасары |
| Қожахмет Мадияр Дүйсенбайұлы | - | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі Жастар саясаты департаментінің директоры, хатшы |
| Қырықбаев Арман Оразбайұлы | - | Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі |
| Бақтыбаев Жанарбек Телібекұлы | - | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полициясы комитеті төрағасының орынбасары |
| Тәжібаев Асқар Ерлікұлы | - | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы департаментінің директоры |
| Бибасов Манат Мұратұлы | - | Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры |
| Григорян Армаис Семенович | - | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры |
| Сәдуақасов Нұрқан Олжабайұлы | - | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті төрағасының орынбасары |
| Телеуов Мұрат Қойшыбайұлы | - | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Ғылымды дамыту және адами ресурстар департаментінің директоры |
| Бекбергенов Түгелбай Бекбергенұлы | - | Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Туризм индустриясы комитетінің туризм құрылымы және инвестициялық жобалар басқармасы бастығының міндетін атқарушы |
| Бимендина Әсима Темкеқызы | - | Астана қаласы білім беру басқармасының бастығы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК